Бестамақ «Болашақ» балабақшасы

# "Тіл-менің тірегім"

Ұжыммен мерекелік кеш

Өткізгендер: Кәсіподақ ұйымы: Сатаева А.Д.
Қазақ тілі қоғамы: Косанова Г.С.

Қыркүйек,2021

**Тақырыбы: «Тіл-менің тірегім»**

Мақсаты: Әр ұжым мүшесіне ана тілін білудің маңызын түсіндіру, ана тілі туралы жазылған ақындардың өлеңдерін мәнерлеп оқи білуге дағдыландыру, ана тілін құрметтеуге тәрбиелеу.

1 - жүргізуші: Армысыздар құрметті ұстаздар!
2 - жүргізуші: Ерлік, елдік, бірлік, кайрат, бақ, ардың
Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың...
Алтын күннен бағасыз бір белгі боп,
Нұрлы жұлдыз, бабам тілі сен қалдың!-
деп Мағжан ақын жырлағандай "Ана –тілім қазынам"атты кешімізге қош келдіңіздер!



1 - жүргізуші: Туған тілім бабам тілі өз тілім,
Туған тілім анам тілі өз тілім.
Туған тілім далам тілі өз тілім,
Туған тілім адам тілі өз тілім.
Көк аспанда қанат қағып ұшқанда,
Өз тілінде қиқулайды құстар да.
Өз тілінде кісінейді құлыншақ,
Деген кім бар: өз ұстанба,- дей отырып біз ұжым мүшелеріне сөз берейік. "Ана тілім - қазынам" бөлімінде ана тілі туралы өлеңдерін жолдарын мәнерлеп оқып берсін.Өлең жолдарын Айман Бектұрғанқызы **«Үйрен ана тіліңді» және «Қазақ тілі»** Балауса Өтегенқызы оқыды.





2 - жүргізуші: Енді,"Ана тілі - білімнің кілті" бөлімінде "Қазақ тілі" - деп аталатын грамматикалық сұрақтарға кезек берейік."Қазақ тілі" деген жазудан әрбір ұжым мүшесі бір әріп таңдайды. Ондағы жасырылған сұрақтарға жауап береді.

**Қ - Халық ауыз әдебиеті.**

1. Мақал мен мәтелдің айырмашылығы неде?(мақал 2-3 сөйлемнен тұрады,мәтел

қысқа болады )
2. Еңбек туралы мақал - мәтел айт( )
3. Жаңылтпаш айт ()

**А - Қазақ әдебиеті.**

1. Абай (Қ) "Ғылым таппай мақтанба" өлеңін жатқа айт.
2. Абай атамыз айтқан 5 дос пен 5 дұшпанды ата.( талап,еңбек,терең ой,қанағат,рақым ),( Өсек,өтірік,мақтаншақ,еріншек,бекер мал шашпақ )
3. Өлең түрінде жазылатын шығарма қалай аталады.(поэма)

**З - Қазақстан тарихы.**

1. Ата заң қашан қабылданды?(1995жыл,30тамыз)
2. Тәуелсіздік күнін қай күні тойлайды?(16 желтоқсан0
3. Алғашқы "Алтын адам" қайдан табылған?(Алматы облысы маңынан)

**А - География**

1. Қазақстанның ең биік тауы (Хан тәңірі)
2. Қазақстан неше мемлекетпен шектеседі?(Бес мемлекетпен шектеседі:Ресеймен,Түрікменстан,Өзбекстан,Қырғыстан,Қытаймен3. Қазақстанда қанша облыс бар?(17облыс)

**Қ - Қазақ тілі.**

1. Көп тілді білетін адам кім?(Полиглот)
2Дауысты дыбыстар қалай бөлінеді?( жуан,жіңішке )
3. Сөз таптарын атап бер.(Зат есім,сын есім,сан есім,есімдік,етістік,үстеу,шылау,одағай,еліктеу)

**Т - Қасиетті сан**

1. Қазақ халқының қасиетті сандарын ата(3,7,9,40 )
2."Үш бәйтерек" кімдер?(Ілияс Жансүгіров,Бейімбет Майлин,Сәкен Сейфуллин)
3."Бес арысты" ата (Ахмет Байтұрсынов,Міржақып Дулатов,Мағжан Жұмабаев,Шәкәрім Құдайбердіұлы,Жүсіпбек Аймауытов)

**І Сен білесің бе?**

1. Қазақтың атақты балуаны?(Қажымұқан)
2."Айша бибі кесенесі қайда орналасқан?( Жамбыл облысында )
3. Шыңғыстауда(Семейде) қандай атақты адамдар туған?(Абай Құнанбаев,Шәкәрім Құдайбердіұлы,Мұхтар Әуезов)

**Л - Полиглот жұмбақ**

1. Асқар тауда қара орман(шаш - волосы - хеіг)
2. Қимылдаса қос шебер, Қыруар - қыруар іс өнер (қол, рука, hand)
3. Жүзіне салсаң көзіңді, көрсетеді өзіңді (айна, зеркало, mirror)

1 - жүргізуші: **Бәйге сұрақтары.**

1. Қ. Р «Тіл туралы заңы» қай жылы шықты? (1997 ж 11 - шілде)
2. 100 - жасаған ақын кім? (Жамбыл)
3. Үш биді ата? (Қазыбек би, Төле би, Әйтеке би)
4. Қ. Р. егемендікті қай жылы алды? ( 1991 ж. 16 желтоқсан)
5. Алғашқы қазақ тілінің жазбаша түрі қай тілде жазылды?(Латын тілінде жазылды)
6. Қазақтың тұңғыш педагог жазушысы кім? (Ы. Алтынсарин)
7. "Үш бәйтерек дегеніміз кім? (Ілияс, Сәкен, Бейімбет)
8. Қазақта топ аттылар жарысын не деп атайды? (бәйге)
9. Тіл туралы заң қашан қабылданды? (1997 ж. 11 - шілде)
10. Мұсылман дінінің қасиетті кітабы? (құран)

2 - жүргізуші: **"Мақал сөздің мәйегі"**

1. Жеті рет өлшеп...(бір рет кес)
2. Тіл тас жарады,...(тас жармаса бас жарады)
3. Тіл - жұтамас...(байлық)
4. Көп тыңда... (аз сөйле)
5. Өнер көзі -... (халықта)
6. Ана тіліңді ұмытқаның -... (өз ұлтыңды ұмытқаның)
7. Ақыл азбайды... (білім тозбайды)
8. Өнерлі...(өрге жүзеді)

2 - жүргізуші: Ендеше біз **"кім жылдам, кім шапшаң" ойынын** ойнайық. Мен сендерге 2 мәрте жаңылтпашты қайталап айтамын, ал сендер соны 3 мәрте үздіксіз жатқа айтасыңдар.

1. Аспан ақ Ақ қар ақ, па?Ақ қар ақ па?Ақ парақ па?
2. Ал же,Же бал.Бал же,Жеп ал.





1- жүргізуші: Сіздерге өлең жолдарынан үзінді беріледі. Ол кімнің өлеңі және атын айту керек?

1. Абай «Ғылым таппай мақтанба»
Тілеуің өмірің алдында
Оған қайғы жесеңіз,
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек бекер мал шашпақ -
Бес дұшпаның білсеңіз.

2. Мұқағали Мақатаев «Үш бақытым»
Ең бірінші бақытым - халқым менің,
Соған берем ойымның алтын кенін.
Ол бар жерде мен бармын, қор болмаймын,
Қымбатырақ алтыннан нарқым менің.

Ән: «Ана тілім» Орындаған: Амангүл Такирқызы



3. Қадыр Мырзалиев «Ана тілің арың бұл»
«Ана тілің – арың бұл»
Ұятың боп тұр бақта.
Өзге тілдің бәрін біл
Өз тіліңді құрметте.

4. Махамбет «Мен, мен едім мен едім»
Мен, мен едім мен едім,
Мен нарында жүргенде
Екі тарлан бөрі едім.
Қай қазақтан кем едім.

5. Ыбырай Алтынсарин «Кел, балалар, оқылық»
Оқысаңдар, балалар,
Шамнан шырақ жағылар.
Тілегеннің алдынан
Іздемей - ақ табылар.

6. Қадыр Мырзалиев « Қазақ осы»
Қазақ осы - айтатұғын елге сыр,
О, ағайын халық емес ол кесір.
Қазақ осы - аңғал - саңғал жауапсыз,
Қазақ осы – дала дейтін, күн дейтін,
Қазақ осы – өнер алды тіл дейтін.
Қазақ осы – қарасың ба, ақсың ба,
Қоңырсың ба жатырқауды білмейтін.

Ән: «Тілім менің» Гүлден Сериковна



2 - жүргізуші :Тәуелсіздік тірегінің бірі – тіл. Тіл – халқымыздың қазынасы, сан ғасырлар бойы жүріп өткен жолымыздың шежірсі. Былайғы жерде егемендігіміз баянды болсын десек, ұлттық рухымызға өріс тілесек, туған тілімізді көздің қарашығындай сақтауымыз керек.



1- жүргізуші: Олай болса, «халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін - білімі»,- деп жазушы М.Әуезов айтқандай, елімізді өркениетке бастар жолдың бастауы - тілімізді жоғалтпайық. Тіл тағдыры - ел тағдыры екенін ешуақытта ұмытпайық. Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту - бүкіл ата-бабамызды ұмыту деген екен Бауыржан Момышұлы, сондықтан да ананың ақ сүтімен бойымызға тараған ана тілімізді ақсатпай, мәртебесін көтере білейік!-деп бүгінгі кешімізді осымен аяқтаймыз



